



Сізді ProInCa екінші жаңалық нұсқасымен танысуға
шақырамыз



ProInCa Жаналықтары

2018 ж. 29 маусым

2-шығарылым

16-20 сәуір аралығында Қазақстан мен Финляндия делегациясы Қазақстандағы Озат Мейірбике Орталығын дамыту бойынша Гронинген қаласындағы (Нидерланды) Ханса қолданбалы ғылымдар университетінде өткен мастер-классқа қатысты.

Мастер-класс мақсаты ақпарат іздеу нәтижелерімен, прогресшіл әдістерімен, медбике ісі саласындағы сайттармен танысу және сол ақпаратты Қазақстандағы озат Мейірбикелер Орталығын жобалау және дамыту үшін пайдалану болып табылады. Agile / Scrum семинарында электрондық платформаны дамыту бойынша алғашқы жобалармен жұмыс істедік.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМДА

- ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ..... СТР 1
- ГРОНИНГЕНДЕГІ МАСТЕР-КЛАСС
.....СТР 1
- Эразмус+Бақылау
сапары.....СТР 2
- Озат Мейірбике
Орталығы.....СТР 2
- Дәлелді мейіргер ісі..... СТР 2
- Мейірбике саласындағы
зерттеулер..... СТР 2
- Мейірбике саласындағы
басқару..... СТР 3
- Болашақ іс-шаралар..... СТР 2

Күрмет сөзі

Массимо Пиньятелли

Назарбаев Университет, Медицина мектебінің деканы, Медицина жөніндегі вице-президенті

ProInCa командасы ақпараттық бюллетеньнің екінші нөмірін ұсынады. Бұл шығарылымда соңғы бірнеше айда болған оқиғалар туралы жаңартылған ақпаратты ұсынамыз. Бұл шығарылымда біз негізгі төрт жаңалықты ұсынымыз, және бұл, жоба мақсаттарына қол жеткізу жолының бастамасы ғана. Гронингенде өткен семинарда еуропалық және қазақстандық әріптестер Озат Мейірбике Орталығының миссиясы мен көзқарасын қалыптастырылды. Олар 2017 жылдың желтоқсанында басталғанынан бері жемісті айлар болды.

Эразмус+Бақылау сапары

2018 жылдың 23 мамырында Қазақстандағы Erasmus + ұлттық кеңсесінің үйлестірушісі Шайзада Тасболатова және директордың орынбасары Жанат Қазбекова Назарбаев Университетіне ProInCa жобасы жөнінде мониторинг жүргізді. Бұл сапарда қазақстандық серіктестер және ҚР Білім және ғылым министрлігінен Рауза Меңдалиева қатысты. Қазақстандық серіктестер әрқайсысы өздерінің жұмыс пакеттері туралы жаңартылған ақпаратты ұсынды. Сапардың соңында үйлестіруші Шайзад Тасболатова әр жұмыс пакетін қорытындылады және жобаны іске асырудың жақсы деңгейін атап өтті, жобаның мейірбике мамандығына толық әсер етуі үшін қосымша ұсыныстар берді.

Озат Мейірбике Орталығы

2.1 жұмыс пакеті қызмет жиынтығы бар электрондық платформа жасаудың қажеттіліктері мен талаптарын талдау бойынша жұмыс жүргізеді. Мастер-класс барысында мейірбике саласындағы бірнеше үздік тәжірибе ұсынылды. Талқылау барысында жоба қатысушылары Озат Мейірбике Орталығының миссиясы туралы ортақ келісімге келді. Ақпаратты іздеудің анализі жүргізілді. Оның мақсаты Орталықтың электронды платформасының тиімді жұмыс істеуі үшін сапа критерийлері мен шарттарының тізбесін құру болды. Есеп аяқталу сатысында. Қазіргі уақытта электронды платформаға қойылатын талаптарды анықтау үшін сауалнама дайындалды (Delphi зерттеуі шеңберінде). Сауалнама (3 тілде - ағылшын, қазақ, орыс) 20-30 маманға жіберіледі. Сондай-ақ, Agile дамыту шеңберінде электрондық платформаның интерфейсін дамыту бойынша жұмыс басталды

Болашақ іс-шаралар

Мейірбике саласындағы басқаруды жаңғырту

Өткізу күні: 2018 жылғы 1-6 қазан

Өткізу жері: Лахти қолданбалы ғылымдар университеті, Felmanny Campus, Kirkkokatu 27, 15140 Лахти, Финляндия

Дәлелді мейірбике практикасы бойынша семинар

Өткізу күні: 2018 жылғы 11-17 қараша

Өткізу жері: профессор Анджела Бошкин Денсаулық сақтау факультеті, Любляна және Иешенице, Словения

Дәлелді мейіргер ісі негізіндегі тиімділік және сапа

2.2 жұмыс пакетінің негізгі идеяларының бірі жұмыс орнына қарамастан, дәлелді мейіргер ісін оқытатын барлық қызметкерлердің потенциалын көтеру болып табылады. Жұмыс пакетінің мақсатына жету үшін оқытудың жұмыс бағдарламаларын зерттеу негізінде дәлелді мейіргер ісінде кемшіліктерді анықтау анализі

жүргізілді. Кемшіліктерді анықтау анализі мейіргер ісінің бакалавр және магистр деңгейіндегі жұмыс бағдарламаларының мазмұнындық шолуы, оқу бағдарламасына ғылыми зерттеу және дәлелді мейіргер ісін енгізу мәселелерін қамтиды. Дәлелді мейіргер ісін оқытудағы негізгі кемшіліктер кемшіліктерді анықтау анализінің баяндамасында көрсетілген және дәлелді мейіргер ісі бойынша ұлттық оқыту материалдарын құрастыруға пайдаланылады.

Мейірбике саласындағы зерттеулер

2.3 Университеттер үшін ғылыми-зерттеу бағдарламаларын құру және мейірбике саласындағы байланыс орнату жұмыс пакетінің іс шаралары мейірбике саласындағы зерттеулер инфрақұрылымын барлық серіктес- жоғары оқу орындарына жіберілген өзін-өзі бағалау сауалнамалар және 2018 жылдың бірінші тоқсанында Skype бойынша конференция ұйымдастыру арқылы саластырудан басталды. Осыдан кейін кітапханалар, АКТ, қаржылық қызмет, инфрақұрылым, ғылыми-зерттеу және халықаралық қызмет көрсету қызыметтерінің даму жоспарлары дайындалды. Қыркүйек айында ғылыми-зерттеу үшін қажетті

медициналық жоғары оқу орындары мен медициналық мекемелердің инфрақұрылымы бойынша ұсынымдары бар есеп аяқталады. Сонымен қатар, зерттеу бағдарламасын дамыту үшін медициналық жоғары оқу орындарында фокус-топтарына сауалнама жүргізіп жатыр. Іске асыру жоспары аяқталды және маусым айында топтық сұхбатпен тестілік тренинг өткізіледі.

Мейірбике саласындағы басқару

ProInCa жобасының 2.4 жұмыс пакетінің мақсаты мейірбикелердің потенциалін және мейірбике саласындағы менеджмент пен басқару жүйесін жақсартуға көмектесу.

Жобаның шеңберінде 2018 жылдың мамыр айында басқару буындағы медбикелер мен дәрігерлер үшін басқару дағдылары бойынша сауалнама аяқталды. Барлығы 256 респонденттер қатысты. Зерттеу нәтижелері бойынша Финляндиядағы Лахти қолданбалы ғылымдар университетінде 1-8 қазан аралығында 2018 жылы интенсивті семинар өткізіледі. Интенсивті семинардың мақсаты денсаулық сақтау ұйымдарында лидерлік потенциалын нығайту үшін медбикелер мен оқытушыларға арналған оқыту материалдарын және басқару дағдыларын дамыту болып табылады.

ProInCa

жаналықтары

Назарбаев Университет,
Медицина мектебі

Қазақстан, Астана қ,

Керей, Жанибек хандары 5/1
010000

nancy.stitt@nu.edu.kz

paolo.colet@nu.edu.kz

Alma.Syzdykova@umc.org.kz

FOLLOW US

